

Мемлекеттік кірістер органдарының сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау уәкілетті органына салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмастан кедендік реттеу саласындағы ақпаратты және салықтық құпияны құрайтын салық төлеуші (салық агенті) туралы мәліметтерді ұсыну қағидаларын және ұсынатын мәліметтер тізбесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 30 қарашадағы № 1040 бұйрығы және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2019 жылғы 4 наурыздағы № 3-НҚ бірлескен нормативтік қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының 2026 жылғы 14 мамырдағы № 4-НҚ және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2026 жылғы 15 мамырдағы № 308 бірлескен нормативтік қаулысы мен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Жоғары аудиторлық палатасының 14.05.2026 № 4-НҚ және ҚР Қаржы министрінің 15.05.2026 № 308 бірлескен нормативтік қаулысы мен бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 25.05.2022 № 6-НҚ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 22.06.2022 № 614 бірлескен нормативтік қаулысы мен бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 19-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 30-бабы 3-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрі **БҰЙЫРАДЫ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Жоғары аудиторлық палатасының 17.02.2023 № 5-НҚ және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 13 наурыздағы № 271 бірлескен нормативтік қаулысы мен бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бірлескен бұйрыққа және нормативтік қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік кірістер органдарының сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық

бақылау уәкілетті органына салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмастан кедендік реттеу саласындағы ақпаратты және салықтық құпияны құрайтын салық төлеуші (салық агенті) туралы мәліметтерді ұсыну қағидалары;

2) осы бірлескен бұйрыққа және нормативтік қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік кірістер органдарының сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау уәкілетті органдарына салықтық құпияны құрайтын салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмастан ұсынатын салық төлеуші (салық агенті) туралы мәліметтер тізбесі бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 25.05.2022 № 6-НҚ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 22.06.2022 № 614 бірлескен нормативтік қаулысы мен бұйрығымен.**

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрық және нормативтік қаулы күшіне енген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

2) осы бірлескен бұйрықтың және нормативтік қаулының Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрық және нормативтік қаулы мемлекеттік органдары басшыларының соңғысы қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі  
\_\_\_\_\_ Ә. Смайылов

Республикалық бюджеттің  
атқарылуын бақылау жөніндегі  
есеп комитетінің төрағасы  
\_\_\_\_\_ Н. Годунова

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің 2018 жылғы  
30 қарашадағы № 1040 бұйрығына  
және Республикалық бюджеттің  
атқарылуын бақылау жөніндегі  
есеп комитетінің 2019 жылғы  
4 наурыздағы № 3-НҚ бірлескен  
нормативтік қаулысына  
1-қосымша

**Мемлекеттік кірістер органдарының сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау уәкілетті органына салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмастан кедендік реттеу саласындағы ақпаратты және салықтық құпияны құрайтын салық төлеуші (салық агенті) туралы мәліметтерді ұсыну қағидалары**

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Жоғары аудиторлық палатасының 17.02.2023 № 5-НҚ және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 13 наурыздағы № 271 бірлескен нормативтік қаулысы мен бұйрығымен.

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Мемлекеттік кірістер органдарының сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау уәкілетті органына салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмастан кедендік реттеу саласындағы ақпаратты және салықтық құпияны құрайтын салық төлеуші (салық агенті) туралы мәліметтерді ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) мемлекеттік кірістер органдарының Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына (бұдан әрі – Жоғары аудиторлық палата) және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларына (бұдан әрі – тексеру комиссиялары) салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмастан кедендік реттеу саласындағы және салықтық құпияны құрайтын салық төлеуші (салық агенті) туралы мәліметтерді (бұдан әрі – Мәлімет) ұсыну бойынша өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды.

2. Кедендік реттеу саласындағы ақпаратқа Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына, Қазақстан Республикасының кеден және өзге де заңнамасына сәйкес мемлекеттік кірістер органдары алған кез келген, соның ішінде құпия және алдын ала ақпарат жатады.

Мемлекеттік кірістер органдары салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмастан салықтық құпияны құрайтын салық төлеуші (салық агенті) туралы мәліметтерді осы бірлескен нормативтік қаулыға және бұйрыққа 2-қосымшаға сай бекітілген Мемлекеттік кірістер органдарының сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау уәкілетті органына ұсынатын салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмастан салықтық құпияны құрайтын салық төлеуші (салық агенті) туралы мәліметтер тізбесіне сәйкес ұсынады.

## **2-тарау. Мәліметтерді ұсыну тәртібі**

3. Жоғары аудиторлық палата, тексеру комиссиялары салықтық құпияны құрайтын мәліметтерге рұқсаты бар лауазымды адамдардың тізбесін бекітеді.

4. Мәліметтерді беру мынадай тәсілдердің бірімен:

- 1) қағаз жеткізгіштерде;
- 2) электрондық жеткізгіштерде;

3) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті мен Жоғары аудиторлық палатаның ақпараттық жүйелері арасында ақпараттық өзара іс-қимыл болған кезде Мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасы, сондай-ақ электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік кірістер органдары Жоғары аудиторлық палатаның, тексеру комиссиясының сұрау салуын алған күннен бастап, 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, егер мұндай ақпарат көрсетілген органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген міндеттерін орындауы және функцияларын жүзеге асыруы үшін қажет болса, Қазақстан Республикасының мемлекеттік, коммерциялық, банктік, салықтық және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды, сондай-ақ басқа да құпия ақпаратты қорғау жөніндегі заңнамасының, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының талаптарын белгіленген тәртіппен сақтай отырып, оларға Мәліметті береді.

6. Мәліметті алушы осы Қағидалардың шеңберінде алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

7. Мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды адамдары, Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдарының немесе ұйымдарының лауазымды адамдары мемлекеттік кірістер органдарынан не өзге де уәкілетті органдардан алған осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген ақпарат өздерінің міндеттерін орындау кезеңінде де, оларды орындау аяқталғаннан кейін де Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес таратылуға жатпайды.

Осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген ақпаратты кедендік бақылауды жүргізуге тартылған мамандар кедендік бақылауды жүргізу кезінде өз міндеттерін орындау кезінде де, ол аяқталғаннан кейін де жария етпеуі тиіс.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2018 жылғы 30 қарашадағы  
№ 1040 бірлескен бұйрығына  
және Республикалық бюджеттің  
атқарылуын бақылау жөніндегі  
есеп комитетінің  
2019 жылғы 4 наурыздағы  
№ 3-НҚ нормативтік қаулысына  
2-қосымша

**Мемлекеттік кірістер органдарының сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау уәкілетті органына салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмастан салықтық құпияны құрайтын салық төлеуші (салық агенті) туралы ұсынатын мәліметтер тізбесі**

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда – ҚР Жоғары аудиторлық палатасының 17.02.2023 № 5-НҚ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 13.03.2023 № 271 бірлескен нормативтік қаулысы мен бұйрығымен; өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 08.11.2024 № 758 бұйрығы және ҚР Жоғары аудиторлық палатасының 08.11.2024 № 14-НҚ бірлескен нормативтік қаулысымен.

№	Салықтық құпияны құрайтын мәліметтердің атауы
1.	Салық төлеушілердің дербес шоттары және олар бойынша деректер
2.	Салық төлеушілердің салық нысандары және олар бойынша деректер
3.	Қазақстан Республикасының салық және өзге де заңнамаларының нормаларын салық төлеушілердің орындауын салықтық бақылау нәтижелері туралы мәліметтер
4.	Мемлекеттік салық төлеушілер дерекқорынан мәліметтер
5.	Салық төлеушілер бойынша салықты, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, өсімпұлдар мен айыппұлдарды есепке жатқызу және қайтару туралы мәліметтер
6.	Салық төлеушілер бойынша мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері туралы мәліметтер
7.	Салық төлеушіге қолданылған салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіру шаралары туралы мәліметтер
8.	Салықтық тексеру нәтижелеріне және лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану туралы деректер
9.	Салық төлеушілер және салық салынатын объектілер, сондай-ақ салық төлеушілер жүзеге асырған операциялар бойынша мәліметтер ұсынатын уәкілетті органдардың ақпараты
10.	Салықтарды және айыппұл санкцияларын есептен шығару (есептен шығару туралы заң және мемлекеттік органдардың актілері қабылданғаннан кейінгі өсімпұлдар мен айыппұлдар) туралы мәліметтер
11.	Салық төлеушілердің салық есептілігі негізінде қалыптастырылған талдамалық есептер
12.	Электрондық шот-фактуралардан мәліметтер: өнім берушінің деректемелері; алушының деректемелері; жүк жөнелтушінің және жүк алушының деректемелері; тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша деректер, оның ішінде, тауардың атауы, шығарылған жерінің белгісі, Еуразиялық

экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасының коды, өлшем бірлігі, саны, бағасы, құны, акциз, қосымша құн салығы, кедендік декларацияға сілтеме (импорт кезінде), айналым жасалған күн.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ